

"ГАРАНТ" МЕМЛЕКЕТТІК АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 23 мамыр 1994 ж. N 550

Отпелі кезеңде мемлекеттік реттеуді сақтау және халықтың түрмис қажетін өтегу саласында нарықтық құрылымдары қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақ өндірістік "Гарант" бірлестігінің құрамына қосымшаға сәйкес кіретін акционерлік қоғамдар мен кәсіпорындар негізінде "Гарант" мемлекеттік акционерлік компаниясы (бұдан bylai - Компания) құрылсын.

Компанияның негізгі міндеттері радиоэлектронды аппаратураның фирмалық сатылуын және оған техникалық күтім жасалуын қамтамасыз ету, бұл үшін қажетті кәсіпорындар жүйесін дамыту, тұтынушылардың сауда жүйесінен сатып алатын теледидарлары мен радиотауарларының кепілді мерзімі, оларды айырбастау және қайтарып беру тәртібі сақталуына қатысты бөлігіндегі құқығын қорғау деп анықталсын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Компания құрамына енгізілген мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін және бұрын құрылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын занда белгіленген тәртіппен Компанияға табыстастырын болсын.

Мемлекеттік кәсіпорындардың акционерленуіне қарай акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 (II кезең) жылдарға арналған Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіппен сататын акциялар пакетінен басқасы, Компанияның иеленуіне, пайдалануына және басқаруына берілсін.

3. Компания Қазақ өндірістік "Гарант" бірлестігінің мүліктік құқықтары мен міндеттерінің құқылды мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі

мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде Компанияның мүліктік кешенін қалыптастыру жөніндегі жұмысты аяқтап, оның құрылтай құжаттарын белгіленген тәртіппен бекітсін.

5. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері "Гарант" мемлекеттік акционерлік компаниясына жүктелген функцияларды

орындауда оған көмектесіп отыратын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 23 мамырдағы

N 550 қаулысына

Қосымша

"Гарант" мемлекеттік акционерлік компаниясының
құрамына кіретін акционерлік қоғамдар мен кәсіпорындардың

Тізбесі

(Кесте)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК